



Karachaganak



Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер | Партнеры по Карачаганакскому предприятию | Partners in the Karachaganak venture

Құжатқа жауапты тұлға: Қауіпсіздік техникасы корпоративтік бөлімінің бастығы

Құжат атауы: Оқиғаларды хабарлау тәртібі

Құжат №: KPO-AL-HSE-PRO-00011-K

Құжаттың бұл электрондық көшірмесін қолдану ҚПО-ның интранет-порталында ғана ресми болып табылады

Басылым	Мақсаты	Күні	Дайындаған	Тексерген	Бекіткен
A2	Қолданысқа шығарылды	27/01/2010	ҚТ корпоративтік бөлімі бастығының орынбасары	ҚТ корпоративтік бөлімінің бастығы	Бас директор
A1	Қолданысқа шығарылды	25/01/2009	ҚТ корпоративтік бөлімі бастығының орынбасары	ҚТ корпоративтік бөлімінің бастығы	Бас директор

Басылымдарды тіркеу

Басылым	Өзгертулер
А1	Қолданысқа шығарылды
А2	Қолданысқа шығарылды

Қысқаша шолу

Мына құжатта ҚПО нысандарындағы оқиғалар жөнінде хабарлау тәртібіне қысқаша шолу жасалады.

Анықтамалар/қысқартулар

Ауыртпалық дәрежесі	Нақты оқиғалардан немесе ықтимал оқиға салдарынан адамдарға, қоршаған ортаға, ҚПО мәртебесіне, мүлікке немесе өндірістік жұмыс көлеміне зиян келтіретін жарақат, залал ауыртпалығының дәрежесі. Ауыртпалық дәрежесі 0-5 сандарымен ықтимал жағдайлардың ретпен орналасу межелігі бойынша белгіленеді
Қызметкерлер	ҚПО-ның жұмыстарына тартылған барлық қызметкерлер
Оқиға	Нәтижесі – жарақат, ауру тудыратын және/немесе мүлікке, қоршаған ортаға және үшінші тараптарға нұқсан (шығын) келтіретін оқиға немесе оқиғалар тізбегі
Оқиғаларға жауапты тұлға	Оқиға орын алған кездегі тиісті іс-шаралар жүргізуге жауапты жетекші

Қосымша анықтамалар КРО-AL-HSE-BOO-00087-R «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ түсіндірме сөздігінде» берілген.

Мазмұны

БАСЫЛЫМДАРДЫ ТІРКЕУ	2
ҚЫСҚАША ШОЛУ	3
АНЫҚТАМАЛАР/ҚЫСҚАРТУЛАР	4
1 МАҚСАТЫ	6
2 ҚОЛДАНУ АЯСЫ	6
3 СІЛТЕМЕЛЕР	6
4 ЖАУАПТЫЛАР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР	7
4.1 Барлық қызметкерлер	7
4.2 ҚПО басшылығы	7
4.3 ҚТ корпоративтік бөлімінің бастығы	7
4.4 Оқиғаға жауапты тұлға	7
4.5 Оқиғаларды тексеру тобы	7
5 ПРОЦЕДУРА	8
5.1 Шұғыл шаралар	8
5.2 Оқиға жөнінде қысқаша мәлімет	8
5.3 ҚР-ның мемлекеттік органдарына хабарлау	8
5.4 Компания-серіктестеріне оқиға туралы хабарлау	9
6 ІС-ӘРЕКЕТ СЫЗБАСЫ	10
7 ҚОСЫМШАЛАР	10
Қосымша 1: ҚПО-да атқарылатын жұмыстар тізімі	11
Қосымша 2: Оқиғаның ауырлық дәрежесін анықтау кестесі	13
Қосымша 3: Оқиға жөнінде шұғыл мәлімдеме	14
Қосымша 4: ҚР-ның мемлекеттік органдарына хабарлау кестесі	15

1 МАҚСАТЫ

Мына процедурада оқиғалар жөнінде жедел хабарлау және оқиғаларды алдын-ала топтау бойынша стандарттық нұсқаулар берілген.

2 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Аталмыш құжат ҚПО қызметкерлері атқаратын барлық іс-әрекет түріне, сонымен қатар ҚПО-ның мүддесі үшін жұмыс істейтін мердігерлердің барлық іс-әрекетіне қатысты қолданылады.

Бұл процедура мыналарға қатысты емес:

ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ мәселелеріне қатысты емес орын алған оқиғалардың нәтижесінде өндіріс шығынына әкеліп соғатын жағдайлар (мысалы, құрал-жабдықтардың болмауы себебінен өндірісті мезгілсіз тоқтату).

Шабуыл, ұрлық, лаңкестік қаупі тәрізді қауіпсіздік қызметінің құзырына енбейтін оқиғалар.

3 СІЛТЕМЕЛЕР

КРО-AL-HSE-PRO-00007-R	Оқиғаларды тексеру тәртібі
КРО-AL-HSE-BOO-00087-R	ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ сөздігі
Заң. № 314-II	Өндірістік қауіпсіздік туралы заң (17.07.2009 жылғы өзгертулер мен толықтырулар)
Заң. № 252-II	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (17.07.2009 жылғы өзгертулер мен толықтырулар)
Заң № 164-IV	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (17.07.2009 жылғы өзгертулер мен толықтырулар)
Бұйрық №60-с	Өндірістік жарақат туралы ведомстволық есептеме жүргізудің статистикалық үлгісін бекіту туралы 06.01.2001 жылғы бұйрығы

4 ЖАУАПТЫЛАР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

4.1 Барлық қызметкерлер:

- Осы процедура талаптарына сәйкес жұмыс атқарады;
- Өздері куә немесе хабардар болған оқиға жөнінде тікелей жетекшісіне және/немесе АБО операторына бірден хабарлайды.

4.2 ҚПО басшылығы:

- Өз құзырының шегінде осы процедура талаптарының толықтай орындалуына жауапты;
- ҚПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің оқиға жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді.

4.3 ҚТ корпоративтік бөлімінің бастығы:

- Осы процедураның ҚПО территориясында енгізілуіне толығымен жауап береді;
- Осы процедураның жыл сайын немесе қажеттілік бойынша жаңартылуын қадағалайды.

4.4 Оқиғаға жауапты тұлға:

- Оқиғаның нақты және ықтимал ауырлық дәрежесін алдын-ала анықтауға, сондай-ақ оқиға жөнінде хабар таратуға жауапты;
- Орын алған оқиға жөнінде шұғыл хабардың түпкілікті нұсқасын пошта арқылы жіберместен бұрын оқиғаны тексеру тобымен ұйғартады.

4.5 Оқиғаларды тексеру тобы:

- Барлық қызметкерлерге осы процедураның талаптарын орындауда қолдау көрсетеді;
- Барлық төтенше оқиғаларға қатысты құжаттарды тіркеу және бақылау міндетін атқарады;
- Төтенше жағдай жөнінде шұғыл мәлімдемені жіберетін қызметкерлердің тізімін құрастырады.

5 ПРОЦЕДУРА

5.1 Шұғыл шаралар

Оқиға орын алған жағдайда бірден төмендегі нұсқауларды орындау керек:

- Егер ҚПО немесе мердігер-компанияның қызметкері оқиғаға куә болған жағдайда, келесі әрекеттерді орындауы тиіс:
 - АБО операторына 3333 нөмірі бойынша хабарлау;
және/немесе (егер АБО операторына хабарласу мүмкін болмаса)
 - тікелей басшыға немесе ҚПО-ның жақын маңдағы өкіліне хабарлау;
- 1-ші қосымша бойынша АБО операторы оқиғаларға жауапты тұлғаға телефон арқылы орын алған оқиға жөнінде тез арада мәлімет береді, ҚПО-ның кезекші менеджеріне, сондай-ақ оқиғаларды тексеру тобына электрондық пошта арқылы хабар жібереді. Оқиғаларға жауапты тұлғаны анықтау барысында түсінбеушілік туындаған жағдайда, АБО операторы кезекші менеджермен, оқиғаларды тексеру тобымен немесе ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің/директоратының лауазымы бойынша жоғары қызметкерімен кеңесуі тиіс.

5.2 Оқиға жөнінде қысқаша мәлімет

Оқиға туралы жедел хабар таратылғаннан кейін және оқиға орын алғаннан кейін 6 сағат ішінде оқиғаға жауапты тұлға ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің/директоратының лауазымы бойынша жоғары қызметкерімен және оқиғаны тексеру тобымен бірлесе отырып:

- Оқиғаның нақты дәлелденген ауырлық дәрежесіне алдын-ала баға беріп, оқиғаның тобын анықтайды (қосымша 2);
- Оқиға туралы қысқаша мәлімет дайындайды (қосымша 3);
- Бекітілген тарату тізімі бойынша электрондық пошта арқылы оқиға жөнінде жедел мәлімет жібереді (AKS – Incident Flash);
- Егер оқиғаны тексеру тобы орын алған оқиға жөнінде хабардар болса, онда 1-ші қосымша бойынша бекітілген оқиғаға жауапты тұлға 24 сағат ішінде оқиға жөнінде жедел мәліметті шығармайды, бұл мәліметті оқиғаны тексеру тобы оқиғаға жауапты тұлғаны көрсете (нұсқай) отырып таратады.

5.3 ҚР-ның мемлекеттік органдарына хабарлау

Оқиға жөнінде қысқаша мәлімет таратылғаннан кейін бірден төмендегі нұсқаулар орындалуы тиіс:

- Оқиғаға жауапты тұлға оқиғаларды алдын-ала топтастыруды ұйғарту мақсатымен білікті қызметкерлермен (1-ші кесте) кеңеседі;
- Оқиғаға жауапты тұлға оқиғаларды тексеру тобымен, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің/директоратының лауазымы бойынша жоғары қызметкерімен және оқиға орын алған аймаққа жауапты тұлғамен бірлесе отырып ҚР мемлекеттік органдарына хабарлаудың қажеттілігін анықтайды (қосымша 4);
- Егер ҚР-ның мемлекеттік органдарына хабарлау қажеттілігі туындаса, оқиғаларды тексеру тобы оқиғаға жауапты тұлға, заң бөлімі және оқиғаға жауапты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің/директоратының лауазымы бойынша жоғары тұлғасымен бірлесе

отырып, ҚР-ның тиісті мемлекеттік органдарына нормативтік талаптарға сәйкес жазбаша хабарлама дайындайды;

- Оқиғаларды тексеру тобы жазбаша хабарламаны тиісті мемлекеттік органдарға (ҚПО-ның негізгі байланыс тізімі ҚПО-ның интранет-порталында – Emergency Response - Incident Management - ECC) жібереді;
- Оқиғаларды тексеру тобы ӨЖ N үлгісіне сәйкес өндірістік жарақат туралы айлық статистикалық есеп дайындайды. Бұл есеп орталық уәкілетті еңбек мекемесінің аумақтық мекемесіне ай сайын тапсырылады, есеп ұйымның аумақтық еңбек мекемесіне ұсынған N-1 үлгі бойынша толтырылған актілерін қамтиды.

Ескерту: оқиғаларды тексеру тобы оқиға жөнінде қысқаша мәлімет алғаннан кейін ғана мемлекеттік органдарға хабарлайды.

5.4 Компания-серіктестеріне оқиға туралы хабарлау

Құрылтай компанияларға барлық орын алған оқиғалар жөнінде алдын-ала хабарлау оқиға жөнінде шұғыл хабар жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Уақытша еңбек қабілетін жоғалту жағдайлары анықталған 24 сағат ішінде ҚТ корпоративтік бөлімінің бастығы компания-серіктестеріне (операторлар) хабарлайды.

Ықтимал қауіпті оқиғалар, еңбек ету қабілетін уақытша жоғалту жағдайлары, нақты дәлелденген ауыртпалық дәрежесі 4, 5 болатын оқиғалар, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша ауыртпалық дәрежесі төмендетілген әлеуетті қауіпті оқиға ретінде тексерілетін кез-келген оқиғалар бойынша бекітілген есептемелерді оқиғаны тексеру тобы тексеру аяқталысымен құрылтай компанияларға (операторлар) тапсырады.

Кесте 1: Оқиғаның ауырлық дәрежесін бағалауға қатысушылар тізімі

Оқиғаның ауырлық дәрежесін алдын-ала бағалауға қатысушылар тізімі	
Класс	Лауазым атауы
Адам	ҚТ корпоративтік бөлімінің бастығы, еңбекті қорғау бөлімінің бастығы
Қоршаған орта	ҚОҚ корпоративтік бөлімінің бастығы
Мәртебе	Корпоративтік істер бөлімінің басшысы
Мүлік	3-ші деңгейдің лайықты жетекшісі

6 ІС-ӘРЕКЕТ СЫЗБАСЫ

Последовательность выполнения	Задача	Первый, заметивший аварию	Радиооператор аварийной связи	Ответственный за происшествие	Старший по должности сотрудник отдела/директората по ОТ, ТБ и ООС, ответственный за происшествие	Группа по расследованию происшествий корпоративного отдела ТБ	Менеджер по юридическим вопросам	Описание
1	Оповещение о происшествии	Начало	○					
1	Оповещение радиооператора аварийной связи по внутреннему телефону 3333 или +7 777 2390056 и непосредственного руководителя КПО или ближайшего представителя КПО.	○						
2	Оповещение ответственного за происшествие и группы по расследованию происшествий		○	К	К			Использование перечня работ КПО. В случае возникновения неясностей обратиться к начальнику отдела по корпоративным вопросам ТБ или старшему по должности сотруднику отдела/директората по ОТ, ТБ и ООС.
3	Предварительная оценка действительной и потенциальной степени тяжести и классификации.		○	По	К			Предварительная оценка степени тяжести происшествия, основанная на имеющейся информации и опыте, является предметом дальнейшего расследования и подтверждения. Используйте "Руководство по определению потенциально опасных происшествий" - КРО- AL-HSE-GLS-00162-R
4	Составление черного варианта и выпуск молнии о происшествии		○	По	По			Выпуск и рассылка молнии о происшествии на Aks-Incident Flash согласно составленному списку в течение 6 часов после происшествия
6	Начало расследования происшествия							Процедура по расследованию происшествий
	Необходимо ли оповещение властей РК?					Да	Нет	Консультация с соответствующим персоналом (см. таблицу 1 в процедуре) для подтверждения предварительной классификации.
7	Предоставление отчетов об оповещении властям РК			К	По	○	К	Согласование формы и содержания оповещения с юридическим отделом.
8								Конец



Схема процесса

[..M.doc.xls](#)

(қосымшаны қарау үшін, сілтемені екі рет шертіңіз).

7 ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1: ҚПО-да атқарылатын жұмыстар тізімі


ҚПО-да атқарылатын жұмыстар тізімі			
Жұмыс атауы	Жауапты тұлға	Жұмыс атауы	Жауапты тұлға
КЕН ОРНЫ		4-ШІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІ ЖОБАСЫН ДАМУ ТУ БӨЛІМІ (КЕН ОРНЫ ЖҰМЫСТАРЫ)	
Эксплуатация, техникалық қызмет және нысанды тексеру	Нысан бастығы	4-ші желідегі өндіріс және құрылыс жұмыстары	Құрылыс алаңының бастығы
Нысандағы өндіріс және құрылыс жұмыстары	Нысан бастығы	4-ші желідегі мердігер-компаниялардың өндірістік және құрылыс жұмыстары	Құрылыс алаңының бастығы
Шеберханаға техникалық қызмет көрсету	Негізгі жұмыстар бойынша суперинтендант	4-ші желідегі материалдарды және құрал-жабдықтарды тасымалдау (мердігер)	Құрылыс алаңының бастығы
Шеберхана жұмыстары	Негізгі жұмыстар бойынша суперинтендант	4-ші желі бойынша жұмыстардың сапалы орындалуын қадағалау (ҚПО)	Құрылыс алаңының бастығы
Негізгі монтаждау және құрылыс жұмыстары	Негізгі жұмыстар бойынша суперинтендант	4-ші желі бойынша жұмыстардың сапалы орындалуын қадағалау (нысандағы – мердігер-компаниялар)	Құрылыс алаңының бастығы
Мердігер-компаниялардың монтаждау және құрылыс бойынша негізгі жұмыстары	Негізгі жұмыстар бойынша суперинтендант	ЖОБАНЫ ДАМУ ТУ БӨЛІМІ– КГДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасы	
Қоймадағы заттарға есеп жүргізу және жалпы қойманың атқаратын қызметі	Қойма және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша басшы	КГДҚ-2 ЗМ жобасы шеңберінде құрылыс жұмыстары	КГДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасының бастығы
Материалдарды және құрал-жабдықтарды тасымалдау (мердігер-компания)	Қойма және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша басшы	КГДҚ-2 ЗМ жобасы бойынша мердігер-компаниялардың құрылыс жұмыстары	КГДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасының бастығы
ҰҢҒЫМА ЖҰМЫСТАРЫ БӨЛІМІ		КГДҚ-2 ЗМ жобасы бойынша материалдар мен құрал-жабдықтарды тасымалдау	КГДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасының бастығы
Ұңғымаларды сынақтан өткізу және жөндеу жұмыстары	Ұңғыма жұмыстары бойынша суперинтендант	КГДҚ-2 ЗМ жобасы бойынша жұмыстардың сапалы жүргізілуіне бақылау	КГДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасының бастығы

Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеуден өткізу	Ұңғымалар құрылысы бойынша басшы	КГДҚ-2 3М жобасы бойынша жұмыстардың сапалы жүргізілуіне бақылау (нысандағы – мердігер-компаниялар)	КГДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасының бастығы
ЖАЛПЫ ЖОБАЛАУ БӨЛІМІ		АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ	
Кен орнындағы жалпы жобалау бөлімінің өндірістік және құрылыс жұмыстары	Құрылыс жұмыстарының бастығы	Ақпараттық технологияларды орнату, қызмет көрсету және жөндеу	Қызмет көрсету бойынша менеджер
Кен орнындағы жалпы жобалау бөлімі мердігер-компаниялардың өндірістік және құрылыс жұмыстары	Құрылыс жұмыстары бойынша басшы	Телекоммуникацияларды орнату, қызмет көрсету және жөндеу	Телекоммуникация менеджері
Материалдарды және құрал-жабдықтарды тасымалдау (мердігер)	Құрылыс жұмыстары бойынша басшы	ТРАНСПОРТ БӨЛІМ	
Жұмыстардың сапалы орындалуын бақылау (ҚПО)	Сапаны бақылау бөлімінің бастығы	Автокөлікті техникалық қызмет көрсету	Транспорт бөлімінің бастығы
Жұмыстың сапалы орындалуын бақылау (нысандағы – мердігер-компаниялар)	Сапаны бақылау бөлімінің бастығы	Қызметкерлерге жалпы транспорт (ҚПО транспорты)	Транспорт бөлімінің бастығы
СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІ		ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМІНІҢ МЕНЕДЖЕРІ	
Чех және Пилот қалашығына қызмет көрсету	Сервистік қызмет көрсету бөлімінің бастығы	Қауіпсіздік тәртібінің бұзылуы	Қауіпсіздік қызметі бөлімінің бастығы
Ұшақпен ұшу	Сервистік қызмет көрсету бөлімінің бастығы	ЖАЛПЫ	
Негізгі тасымалдаулар	Сервистік қызмет көрсету бөлімінің бастығы	Стандарттық кеңсе жұмысы	Тікелей басшы
Ғимараттар мен кеңселерді жөндеу және қызмет көрсету	Сервистік қызмет көрсету бөлімінің бастығы		
Гимнастика залы және демалу орны	Сервистік қызмет көрсету бөлімінің бастығы		
Тамақтану (асхана және т.б.)	Сервистік қызмет көрсету бөлімінің бастығы		

Қосымша 2: Оқиғаның ауырлық дәрежесін анықтау кестесі



- Қоршаған ортаға зиян



- Технологиялық үрдіс қауіпсіздігі



- Ашық қоршаған ортаға түскен жағдайда ғана Қоршаған ортаға залал ретінде қарастырылады

Класс	Адам	Қоршаған орта					Мәртебе	Мүлік
		Мұнай (Литр)	Таза газ (м ³)	Дымқыл газ (H2S 0.1%) (м ³)	Дымқыл газ (жабық кеңістік) (м ³)	Химиялық заттар (литр)		
Ықтимал қауіпті жағдай	Жарақат жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ
1	Болмашы жарақат	Болмашы ықпал					Болмашы ықпал	Болмашы залал < \$1,500
		< 10	< 30	< 3	< 0.5	< 10		
2	Жеңіл жарақат	Жеңіл ықпал					Шектеулі әсер 10-200	Кішкене залал \$1,500 – \$20,000
		10-200	30-50	3-5	0.5-3	10-200		
3	Ауыр жарақат	Жергілікті ықпал					Айтарлықтай әсер 200-1000	Жергілікті залал \$20,000 – \$200,000
		200-1000	50-500	5-50	3-5	200-1000		
4	Бір ғана өлім жағдайы немесе еңбек қабілетін мүлдем жоғалту	Айтарлықтай ықпал					Мемлекет көлеміндегі әсер 1000-5000	Айтарлықтай залал \$200,000 – \$1,000,000
		1000-5000	500-5000	50-500	5-50	1000-5000		
5	Бірнеше өлім жағдайлары	Кең көлемді ықпал					Халықаралық көлемдегі әсер	Кең көлемді залал \$1,000,000
		> 5000	> 5000	> 500	> 50	> 5,000		

[1] Адамдарға зиян келтіретін оқиғалардың ауыртпалық дәрежесін анықтау

Болмашы жарақат – еңбек өнімділігіне еш ықпалсыз және еңбек қабілетінің сақталуы (алғашқы жәрдем көрсету жағдайларын қоса алғанда).

Жеңіл жарақат – еңбек өнімділігіне ықпал ету жағдайы, жеңіл жұмысқа ауысу (денсаулыққа әсері бар қайтымды салдарлар) және медициналық емдеу.

Ауыр жарақат – аз ғана немесе ұзақ уақыт бойы еңбекке қабілетсіздік (уақытша еңбекке қабілетсіздік жағдайын қоса алғанда).

Оқиға салдарынан болған бір ғана өлім жағдайы немесе орны толмас/мүлдем еңбекке қабілетсіздік.

Оқиға салдарынан бірнеше өлім жағдайлары.

[2] компания мәртебесіне келтірілген нұқсан дәрежелеріне анықтама беру

Болмашы ықпал – жұртшылық хабардар, бірақ алаңдаушылық жоқ.

Шектеулі әсер – жергілікті жұртшылық тарапынан аз ғана алаңдаушылық бар. Компанияның жұмысына әлеуетті жағымсыз көзқарас тудыратын жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) және/немесе жергілікті билік органдарының назарына болмашы ілігу.

Айтарлықтай ықпал – жергілікті жұртшылық тарапынан бірсыпыра алаңдаушылық. Жергілікті БАҚ-тың неғұрлым көбірек және жағымсыз назары. Республикалық/немесе жергілікті/аудандық БАҚ және билік органдарының аздаған назары. Жергілікті билік органдарының және/немесе қоғамның теріс көзқарасы. Талаптарды орындауды қамтамасыз ететін шараларды қолдану.

Мемлекет деңгейіндегі әсер (нұқсан) – ұлттық деңгейде жұртшылықтың алаңдауы. Аудандық/республикалық саясаткерлерден әлеуетті тиым салатын шараларды қолдануы және/немесе лицензия беруде кері әсер. Халықтың жұмылдырылуы.

Халықаралық деңгейдегі әсер – халықаралық деңгейде жұртшылық назарына іліну. Халықаралық БАҚ-тың теріс көзқарасы. Республикалық/халықаралық саясаткерлердің нысандарға жаңа рұқсат беруде, лицензия ұсынуда және/немесе салық заңнамасына әлеуетті қатаң қарым-қатынасы.

Қосымша 3: Оқиға жөнінде шұғыл мәлімдеме

Бұл оқиға жөнінде шұғыл мәлімдеме барлық мүдделі тараптардың оқиға жөнінде хабардар болуын және/немесе олардың кейінгі іс-шараларды ұйымдастыруын қамтамасыз ету үшін мәлімет тарату құралы болып табылады.

ҚПО-ның оқиғалар жөніндегі шұғыл мәлімдемесі

Кестеге қысқаша мәліметті енгізіңіз және AKS- Incident Flash электрондық поштасына жіберіңіз

Оқиға орны:					
Уақыты:				Күні:	
Компания:				Оқиғаларға жауапты тұлға ^[1] :	
Категория	Адам	Қоршаған орта	Өнім	Мәртебе	Мүлік
Сол мезеттегі оқиғаның ауыртпалық дәрежесі	<input type="text" value="0"/>	<input type="text" value="0"/>	<input type="text" value="0"/>	<input type="text" value="0"/>	<input type="text" value="0"/>
Оқиғаның қысқаша сипаттамасы ^[2] ^[3] ^[4] :					
Шұғыл шаралар жүргізілді ме, егер жүргізілсе, қандай ^[5] ^[6] :					
Хатты дайындаған:					

Оқиғалар жөніндегі шұғыл мәлімдемені толтыру нұсқаулығы

^[1] Оқиға орын алған кездегі тиісті іс-шаралар жүргізуге жауапты ҚПО басшысы. Оқиғалар жөнінде шұғыл мәлімдемені тек оқиғаларға жауапты тұлға шығарады. Оқиғаларды тексеру тобы оқиға жөнінде шұғыл мәлімдемені оқиға орын алғаннан кейін 24 сағат ішінде шығаруға құқығы бар.

^[2] Компания мен лауазымның атауын көрсетіңіз (мысалы, мердігер-компанияның техникалық маманы). Аттарын (нақты кім/қандай компания екенін) көрсетпеңіз.

^[3] “Не?Кім? және Қашан?” сұрақтарына қысқаша жауап беріңіз. Күдікті айыпкер немесе басты себепті көрсетпеңіз.

^[4] Жарақатқа жалпы сипаттама беріңіз (мысалы, аяғын ауыртып алу, жеңіл күйік).

^[5] Жүргізіліп жатырған тексеруге сілтемеңіз.

^[6] Аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген шұғыл шаралардың қысқаша сипаттаңыз (мысалы, «жапқыш бекітілді», «аймақ қоршалды»).

Класс	Адам	Қоршаған орта					Мәртебе	Мүлік
		Мұнай (Литр)	Таза газ (м ³)	Дымқыл газ (H2S 0.1%) (м ³)	Дымқыл газ (замкн. пространство) (м ³)	Химиялық заттар (литр)		
Ықтимал қауіпті жағдай	Жарақат жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ	Ықпал жоқ
1	Болмашы жарақат	Болмашы ықпал					Болмашы ықпал	Болмашы залал < \$1,500
		< 10	< 30	< 3	< 0.5	< 10		
2	Жеңіл жарақат	Жеңіл ықпал					Шектеулі әсер	Кішкене залал \$1,500 – \$20,000
		10-200	30-50	3-5	0.5-3	10-200		
3	Ауыр жарақат	Жергілікті ықпал					Айтарлықтай әсер	Жергілікті залал \$20,000 – \$200,000
		200-1000	50-500	5-50	3-5	200-1000		
4	Бір ғана өлім жағдайы немесе еңбек қабілетін мүлдем жоғалту	Айтарлықтай ықпал					Мемлекет көлеміндегі әсер	Айтарлықтай залал \$200,000 – \$1,000,000
		1000-5000	500-5000	50-500	5-50	1000-5000		
5	Бірнеше өлім жағдайлары	Кең көлемді ықпал					Халықаралық көлемдегі әсер	Кең көлемді залал > \$1,000,000
		> 5000	> 5000	> 500	> 50	> 5,000		

Қосымша 4: ҚР-ның мемлекеттік органдарына хабарлау кестесі

Оқиға түрі	Есептемені дайындаушы ▲	ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТ	ҚОҒ ДЕПАРТАМЕНТІ	САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ СТАНЦИЯ	ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ДЕПАРТАМЕНТІ	ПОЛИЦИЯ	ЖЕР КОМИТЕТІ	ТРАНСПОРТТЫҚ ПРОКУРОР	АКИМАТ	КӘСІПОДАҚТАР	МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ	ӨРТ СӨНДІРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ / «АҚ БЕРЕН» ФОНТАНҒА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІ
а) Технологиялық процессті толықтай немесе жартылай тоқтату	Оқиғаларды тексеру тобы / оқиғаларға жауапты	•										
б) Кең көлемді өндірістік өрт немесе жарылыс		•										•
в) Құрылымның айтарлықтай бұзылуы ^[1]		•					•	☀				
г) Ашық фонтандар (мұнай/газдың ашық атқылауы)		•	•	•			•		•		•	•
д) Радиоактивтік шығарындылар		•	•	•					•		•	
е) Технологиялық олқылықтар		•										
ж) Адам шығыны немесе қатерлі апат		☀		☀	•	•			•	•		
з) Топтың апатқа ұшырауы (2 және одан көп)		☀		☀	•	•			•	•		
и) Уақытша еңбек қабілетін жоғалту жоғалту жағдайлары		☀		☀	•					•		
к) Кәсіби ауру ^[2]		Оқиғаларды тексеру тобы / /Мед.		•	•					•		
л) Сәуле ауруы/жарақат	•			•	•				•	•		
м) Табиғи жағдайларға байланысты адам шығыны					•	•				•		
н) Апатты жағдай – денсаулыққа айтарлықтай әсер	Оқиғаларды тексеру тобы / оқиғаларға жауапты тұлға	•		•	•			☀				
о) Жол-көлік апаты ^{[3][4]}					☀	•		☀		☀		
п) Газ/конденсаттың шығарылуы ^{[5][6][7]}		•	•	•	☀			☀		☀		
р) Мұнайдың бақыланбайтын ағыны ^{[8][9][10]}		•	•	•	☀		•	☀		☀		
с) Химикаттар жинау		☀	•	•	☀		☀			☀		
т) Уыттылығы жоғары заттардың шығарылуы		☀	•	•	☀		☀				•	
у) Биологиялық қауіпті шығарындылар			•	•	☀					☀	☀	

▲ Тез арада телефон арқылы және бекітілген нормативтік мерзімге сәйкес жазбаша түрде оқиғаны тексеру тобымен хабарланатын барлық оқиғалар (оқиғаға жауапты тұлға/денсаулық сақтау бөлімі)

• = Міндетті талап

☀ = Жағдайға/салдарға байланысты

1) Ыдыстардың, құбырлардың, ғимараттардың, бұрғылау мұнараларының және жүк көтеру құрылғыларының істен шығуы кіреді

2) Тағамнан улануды қосқанда

3) Нәтижесінде адам шығыны орын алған Өндірістік жол-көлік апаттары полиция қызметкерлеріне хабарланады

4) Нәтижесінде айтарлықтай адам шығыны орын алған Өндірістік жол-көлік апаттары көлік прокурорына хабарланады

5) Құрал-жабдықтардың істен шығуы салдарынан газдардың (атмосфераға) таралуы шығуы мемлекеттік бақылау басқармасына хабарланады

6) Газдың құбырдан шығуы көлік прокурорына хабарланады

7) ҚОҚ Департаменті газдың бөлінуін рұқсат етілген мөлшерден асыру салдары болған жағдайда тәуелсіз тексеріс жүргізеді

8) Құрал-жабдықтардың айтарлықтай істен шығуы салдарынан мұнайдың бақыланбайтын ағуы мемлекеттік бақылау басқармасына хабарланады

9) Сондай-ақ мұнайдың бақыланбайтын топыраққа ағуы жер комитетіне хабарланады

10) Мұнай құбырларынан бақылаусыз мұнайдың ағуы көлік прокурорына хабарланады

Төтенше жағдайлар департаменті = Орал

Акимат = Ақсай

ж), з), и) – Егер бұл оқиғалар қауіпті өндірістік аймақтарды орын алса, төтенше жағдайлар департаментіне хабарланады